

«Б Е К І Т Е М І Н»

№56 жалпы орта білім беретін
мектеп директоры Г.М.Наримбетова

« 2 » « 09 » 2024 жыл



**2024-2025 оқу жылындағы психологиялық қызмет бойынша педагог-психологтың
перспективалық жұмыс жоспары**

Мектеп психологтары: Сатанова Ж.А.

Дулатова Г.А.

Түсінік хат

Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, өркениет қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігін қажет етеді. Сонау көне заманнан бастап, қазіргі кезеңге дейін, болашақта қоғам алдында тұрған ең бір жауапты міндет - қоғам мүшелерін адамгершілікке, отаншыл қасиетке тәрбиелеп, тиянақты білім беру. Мұндай жетістіктерге жету үшін, оқу - тәрбие үрдісімен бірге психологиялық қызметте жан - жақты қамтылып, жоспарлы түрде жүргізілуі керек. Сондықтан «№56 ЖББОМ» 2024 – 2025 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспары **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы негізінде құрылды.**

Психологиялық қызмет жоспары оқушылармен, мұғалімдермен, ата - аналармен жұмыс негізінде құрастырылды. Жоспар барысында диагностикалық жұмыстар, түзету – дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмысы, ағартушылық жұмыстары, әлеуметтік диспетчерлік жұмыстары жүзеге асырылады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық шаралар, тренингтер, сауалнамалар, зерттеу темелері тәрізді жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

– анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету, жалпы кластың білім мен даму процесіне қатысқан ананы баулу.

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.

Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Психологиялық диагностиканың мақсаты:

Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке тұлғаның топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:

Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмысы жүргізіледі.

Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:

Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, ауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:

Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар мәселелерге байланысты жүргізіледі.

Әдістемелік, әлеуметтік-диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:

Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру.

Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық саулығын қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- *Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- *Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- *Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру (алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу. Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

№ р/ с	Іс-шаралар	Жұмыс бағыттары	Нысананалы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	1.Айзенк 2.Керн Иерасек әдісі	Диагностика	9-11 Класс 1 класс	1-тоқсан Қыркүйек Қазан	Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау Оқушылардың бейімделуін, ортаға үйренісу жағдайын зерттеу.	Мектеп психологтары	Хаттама № ҚББ есеп/қазан
2	1.Социометрия әдісі «Бейімделу деңгейін анықтауға арналған» анкета	Диагностика	5 класс.	Қазан 1-2 апта	1.Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау, бейімделу жағдайын зерделеу.	Мектеп психологтары	Хаттама №
3	1.Филлипс сауалнамасы 2.О.Кандаш сауалнамасы	Диагностика	5-6 класс 7 класс	2-тоқсан Қараша 1-2 апта	Мазасыздық, стресс, депрессия анықталған оқушылармен жеке жұмыс	Мектеп психологтары	Хаттама ҚББ есеп
4	Н.Г.Лусканов тесті	Диагностика	10 класс.	Қараша 4-апта	Бейімделуін зерттеу.	Мектеп психологтары	Хаттама
5	Кәсіби бағдар тесті Климов әдістемесі	Диагностика	9-11 класс	Желтоқсан 1-апта 2-апта	Кәсіби мамандыққа бағыт- бағдар, бейімділігін анықтау	Мектеп психологтары	Хаттама
6	Ч.Д. Спилберг әдістемесі	Диагностика	8-11 кластар	3- тоқсан	Жеке және ситуативті	Мектеп	Хаттама

				Қаңтар Ақпан	мазасыздығы жоғары оқушылармен жұмыс.	психологтары	ҚББ есеп
7	Айзенк, Спилберг Филлипс, Кондаш әдістемелері бойынша анықталған оқушылармен динамиканы анықтау мақсатында қайта диагностикалау. (тек анықталған оқушылармен)	Диагностика	5-7 класс 8-11 класс	Наурыз - сәуір 4 - тоқсан	Анықталған оқушылармен профилактикалық коррекциялық жұмыс	Мектеп психологтары	Хаттама
8	Құқықбұзушылықтың алдын – алу жағдайы бойынша сауалнама жүргізу (сұраныс бойынша)	Диагностика	5-9 класс оқушылары	Квартал сайын	Оқушылар арасында хал - ахуалды бақылау.	Мектеп психологтары	Хаттама
9	Біліктілікті зерттеу (Э.Ф.Замбацавичене әдістемесі) Танымдық процестерді зерттеу (көріп және естіп есте сақтау, зейін, ойлау)	Диагностика	4- класс	Сәуір айы 2-3 - апта	Танымдық қабілеттері бойынша ақпарат беру.	Мектеп психологтары Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары	Хаттама Консилиум
10	Оқушылардың жалпы психологиялық хал ахуалдарының жағдайын, таным қабілеттерінің деңгейін зерттеу.	Диагностика	ЕББҚ- оқушылар	Мамыр айы 2-апта	ЕББҚ оқушыларының танымдық процессін зерттеу, динамикасын шығару.	Мектеп психологтары	Хаттама Консилиум

II. Түзету-дамыту жұмысы

Бағдарлама атауы (Мобильді топтың шешімі бойынша жасалынған бағдарлама жоспары), мектепшілік бейімделу	Түзету – дамыту жұмысы	Нысананалы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
--	------------------------------	-------------------	--------------------	-----------------	------------	---------------------------

	кезеңінің бағдарламасы (1 кл, 5кл, 10кл, психологиялық қолдау көрсету)						
1	Түзету дамыту сабақтары	Түзету – дамыту жұмысы	ЕББҚ- оқушылар	Жыл бойы	ЕББҚ-оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту	Мектеп психологтары	Жоспар
2	Түзету дамыту сабақтары	Түзету – дамыту жұмысы	«Тәуекел» тобы «Қиын» оқушы	Жыл бойы	«Тәуекел тобы», «Қиын» оқушыларды түзету- дамыту.	Мектеп психологтары	Журналға тіркеу
3	«Біздің сынып!» тренинг	Түзету – дамыту жұмысы	5- класс	Қыркүйек	Оқушылар арасындағы дұрыс ахуалды қалыптастыру мақсатында түзету және дамыту жұмыстары.	Мектеп психологтары, Класс жетекшілер	Анықтама жазу
4	«Мазасызданудан қалай құтылуға болады?»	Түзету – дамыту жұмысы	8-11 класс	Қазан 3 апта	Оқушыларды мазасыздануға қарсы тұра алуға дағдыландыру. (жеке кеңес)	Мектеп психологтары Класс жетекшілер	Хаттама
5	«Қыз тәрбиесі -ұлт тәрбиесі»	Түзету – дамыту жұмысы	7-11 класс	Қазан 4-апта	Қыз балалармен отырыс.	Мектеп психологтары «Шолпы» ұйымының жетекшісі	Хаттама
6	«Мамандық өмір – таңдауы!»	Түзету – дамыту жұмысы	11 - класс	Қазан 3 -апта	Жүйкені психика арылту тәсілдері мен жолдарын көрсету мақсатында, 11 -класс оқушыларын қолдау.	Мектеп психологтары	Анықтама <i>14.10.2024ж</i>
7	«Сенімділік кілті» психологиялық жаттығу	Түзету – дамыту жұмысы	11 класс	Қараша 3-апта	Сенімділікті арттыру мақсатында 11- класс оқушылары арасында қолдау тренингі	Мектеп психологтары	Анықтама
8	«Мамандықты таңдау- болашақты болжау»	Түзету – дамыту	9-11 класс	Желтоқсан 4-апта	Кәсіби ой-ниетті дамыту.	Мектеп психологтары	Анықтама

9	«Өзгемен достаса аласыңба?» тақырыбында ашық отырыс	жұмысы Түзету – дамыту жұмысы	6-7 класс	Қаңтар 4-апта	Оқушылардың өз-өзін ұстай білуге үйрету, мейірімді болуға, басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен өзгенің қайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету.	Мектеп психологтары	Анықтама
10	EQ reflection (рефлексиялық ойын алаңы)	Түзету – дамыту жұмысы	11- класс	Ақпан 1 апта	Оқушыларға психологиялық ахуалды қалыптастыру, жігерлендіріп, көңіл-күйін көтеру. Сонымен қатар ұйымшылдыққа, сенімділікке, бір-бірімен білісіп, ашылуына көмектесу.	Мектеп психологтары	Анықтама
11	« Мен өз өмірімді өзім құрамын!»	Түзету – дамыту жұмысы	«Тәуекел» тобы «Қиын» оқушы ЕББҚ ететін оқушылар	Тоқсан сайын	«Қиын» оқушылар, «Тәуекел» топ оқушыларымен прекивті тест жүргізу.	Мектеп психологтары	Анықтама жазу, журналға тіркеу
12	«Ішкі күйзелістен қалай құтылуға болады?» сұрақ – жауап ойыны	Түзету – дамыту жұмысы	Тәуекел» тобы «Қиын» оқушы ЕББҚ ететін оқушылар	Сәуір	Оқушылардың ішкі әлеміне үңілу, ойын, білу, көңіл аудару, қолдау жасау.	Мектеп психологтары	Анықтама жазу, журналға тіркеу
13	«Мен өміріме, қажеттілігіне жауаптымын!» ой - бөлісу	Түзету – дамыту жұмысы	9,11 класс	Наурыз 1-апта	Оқушылармен ашық әңгімелесу айдары.	Мектеп психологтары	Анықтама
14	«Қиын жағдайлардан не үйренеміз?»	Түзету – дамыту жұмысы	6-8 класс	Сәуір 4-апта	Қатысушылардың қиын жағдайлардың әсерін саралау мүмкіндіктері	Мектеп психологтары	Анықтама жазу, журналға тіркеу
	«Сурет салдым сүйсіне!»	Түзету –	ЕББҚ	Сәуір -	ЕББҚ-оқушылармен	Мектеп	Анықтама жазу,

	дамыту жұмысы	оқушылармен және бақылауды қажет ететін оқушылармен	мамыр	корекциялық жұмыс	психологтары	журналға тіркеу
15 « Сәт сапар түлек! »	Түзету – дамыту жұмысы	11 класс	Сәуір - мамыр	11- класс оқушыларымен тренинг	Мектеп психологтары	Анықтама

III. Профилактика және психологиялық ағарту

Семинар (сабақ) тақырыбы	Мақсаты :		Қараша Қаңтар Наурыз Мамыр (білім алушыларға тоқсандық және сұраныс бойынша)	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Хаттама Анықтама
	Бейімделу кезеңінің маңыздылығы (ата-ана, педагог) Буллинг/ Кибербуллинг (зорлық- зомбылық, достық қарым- қатынас) ; Девиантты мінез-құлықтың алдын алу(құқықбұзу шылықтың , ерте жүктіліктің алдын алу); Аутодеструктив ті мінез- құлықтың алдын алу; Жасерекшелік психологиясы (ата-ана,	1кл/5кл/ 10 кл 2-11 кл 1кл, 4кл, 7кл 11кл 5 - 10кл				

		педагог) . EQ- әлеуметтік бейімделу негізі; «Бақытты отбасы» бағдарламасы					
1	Психологиялық қызметтің жүргізетін жұмыс жоспары бойынша әдістемелік көмек «Оқушылардың психологиялық хал - ахуалының жай күйін зерделеу жұмыстары» семинар-практикум	Профилактика және психологиялық ағарту	Класс жетекшілер	Қыркүйек 1-апта	Жас класс жетекшілерге көмек	Мектеп психологтары Мамандар	Анықтама
2	«Буллинг, кибербуллингтің зардабы» дөңгелек үстел	Профилактика және психологиялық ағарту	5-11 класс	Қыркүйек	Оқушылар арасындағы зорлық- зомбылықтың қатігездіктің алдын -алу.	ДТДЖО Мектеп психологтары	Анықтама
3	«Әлеуметтік желідегі әдептілікті сақтайық!»	Профилактика және психологиялық ағарту	1-класс	Қыркүйек	Оқушыларға әлеуметтік желіде қалай дұрыс қолдану керектігі туралы түсіндіру	Мектеп психологтары	Анықтама
4	«Зиянды заттардан аулақ бол!» электронды темекінің зияны туралы ақпарат беру.	Профилактика және психологиялық ағарту	9-11 класс	Қыркүйек	Денсаулықты сақтау, оны нығайту және темекінің зиянын туралы түсіндіру.	ДТДЖО Мектеп психологтары	Хаттама
5	«Қыз балалардың жеке гигиенасы» туралы дәріс	Профилактика және психологиялық ағарту	5-8 класс	Қыркүйек	Қыз балаларға жеке бас гигиенасы туралы ақпараттар беру.	ДТДЖО Мектеп психологтары	Анықтама
6	«Бесінші сынып оқушыларының бейімделуі» Н.Г.Лусканов тесті бойынша класс жетекшілерді таныстыру. Кеңес беру.	Профилактика және психологиялық ағарту	5-класс	Қыркүйек-казан	5-ші класс оқушыларына орта мектепте оқуға бейімделулеріне психологиялық-педагогикалық көмек	Мектеп психологтары Класс жетекшілер	Хаттама

7	«Буллинг. Баланың барлық қатігездіктен қорғалуға құқығы бар» сауалнама алу.	Профилактика және психологиялық ағарту	5-7 класс	Қазан 2 апта	көрсету. Оқушылар арасында анонимді сауалнама алу	Мектеп психологтары Класс жетекшілер	Хаттама
8	«Баланың жүрегінен жол табу» тақырыбында семинар - практикум	Профилактика және психологиялық ағарту	Класс жетекшілер	Қазан 3 апта	Класс жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету. Жердегі жұлдыз» бейне таспасы	Мектеп психологтары	Анықтама
9	«Қыз балалар арасындағы ерте жүктіліктің алдын -алу»	Профилактика және психологиялық ағарту	8-11 класс	Қазан	Қыз балаларға кеңес	ДТІЖО Мектеп психологтары	Хаттама
10	Кинотерапия «Қызыл диплом»	Профилактика және психологиялық ағарту	9-11 класс	Қараша	Оқушыларға болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауға кеңес.	Мектеп психологтары	Хаттама
11	«Өмір сен ғажапсың!» бейнефильм көрсету	Профилактика және психологиялық ағарту	7-11 класс	Қараша	Оқушыларға өмірдің басты құндылығын түсіндіру.	Мектеп психологтары	Анықтама
12	«Жасөспірім өміріндегі тик-ток»	Профилактика және психологиялық ағарту	8-11 класс	Қараша 3-апта	Оқушыларға бейнеролик көрсету, дәріс оқу. Әлеуметтік желінің жағымды, жағымсыз жақтары, тәуелділік ықтималдылығы, уақытты ұтымды пайдалану жолдары, тик-токтың пайдасы мен зияны, бұғатталуы тиіс желілер туралы ақпараттар беру, кері байланыс орнату.	Мектеп психологтары ДТІЖО	Анықтама
13	«Аутодеструктивті мінез - құлықты оқушылармен жұмыс	Профилактика және психологиялық ағарту	1-11 кл жас класс	Қараша 1- апта	Класс жетекшілерге ерекше білімді қажет	ДОДЖО Мектеп	Хаттама

түрлері » дөңгелек үстел	психологиялық ағарту	жетекшілер мен		ететін оқушылармен жұмыс жасау тәсілдерін үйрету, ойларымен бөлісу.	психологтары	
14 «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Баланы қорлау-қоғам қасіреті», «Балаларымызды қорғайық!»	Профилактика және психологиялық ағарту	Ата-аналар, мұғалім дер	Желтоқсан 2- апта	Жадынамалар әзірлеу және тарату.	ДТДЖО Мектеп психологтары	Хаттама
15 «Мен үшін өмірімде не маңызды!»	Профилактика және психологиялық ағарту	7-9 класс	Желтоқсан 3-апта	Оқушылардың ішкі жан әлеміне үнілу. Эссе жаздыру.	Мектеп психологтары	Хаттама
16 «Мамандықты таңдау- болашақты болжау»	Профилактика және психологиялық ағарту	9,11- класс	Желтоқсан 4-апта	Кәсіби ой-ниетті дамыту	Мектеп психологтары	Анықтама
17 «Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс түрлері» семинар -практикум	Профилактика және психологиялық ағарту	Класс жетекшілер	Желтоқсан 4- апта	Класс жетекшілерге психологиялық қолдау сабағы	Мектеп психологтары	Анықтама
18 «Достық қолын ұсын» арттерапия	Профилактика және психологиялық ағарту	Ерекше оқушылармен және бақылауды қажет ететін оқушылармен	Ақпан 3-апта	Білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық саулығын қолдау	Мектеп психологтары	Анықтама
19 «Қыз баласы қандай болу керек?»	Профилактика және психологиялық ағарту	6-7 класс класс	Наурыз 2-апта	Жағымды (позитивті) қарым-қатынасты дамыту.Қыз балаға тән қасиеттерді бойда дамыту.	Мектеп психологтары	Анықтама
20 «Ерте жүктіліктің зардабы» дөңгелек үстел	Профилактика және психологиялық ағарту	8-11 кл қыз балалар	Наурыз 3- апта	Қыз балалар арасында ашық отырыс	Мектеп психологтары «Шолпы» ұйымының жетекшісі	Хаттама
21 «Жаңа орта – қорқынышсыз!» тренинг	Профилактика және	4-класс	Сәуір 2-апта	Балаларды орта буынға бейімдеу, қорқыныштан	Мектеп психологтары	Хаттама

	психологиялық ағарту			арылту, сенімділік ұялату.		
22 «Қауіпсіз жазғы демалыс» мини - лекция	Профилактика және психологиялық ағарту	1-11 класс	Мамыр 3-апта	Оқушылардың жазғы демалыс қауіпсіздігін сақтау	Мектеп психологтары	Анықтама

IV. Консультация беру

1 Білім алушы Педагог	Консультация	1-11 класс	Жыл бойы	Журналға тіркеу	Диагностика қорытындысы бойынша жартылай құрылымдық сұхбат; сұраныс бойынша кеңес беру.	Мектеп психологтары
2 Ата-ана	Консультация	1-11 класс	Жыл бойы	Журналға тіркеу	Диагностика қорытындысы бойынша кеңес беру. Мобильді топтың шешімі бойынша кеңес беру.	Мектеп психологтары
3 Педагог	Консультация	1-11 класс	Жыл бойы	Журналға тіркеу	Диагностика қорытындысы бойынша, және сұраныс бойынша кеңес беру.	Мектеп психологтары
4 Ата-ана, педагог	Консультация	1-11 класс	Жыл бойы	Хаттама	«Ерекше назардағы» оқушылармен және	Мектеп психологтары

						олардың ата-аналарымен кеңес әңгіме жүргізу. Сұраныс бойынша	
5	Білім алушы, педагог, ата-ана	Консультация	1-11 класс	Жыл бойы Сұраныс бойынша	Хаттама Журналға тіркеу	Сұраныс бойынша кеңес беру («Сенім» телефоны, «Сенім» жәшігі)	Мектеп психологтары

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

	Әдістемелік күн	Жұмыс бағыты	Нысаналы топ	Жыл бойы	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
1	Келісім шарт алу		Ата-аналар	Жылдың басында	Ата-аналардан, білімалушылармен жүргізілетін психологиялық жетелдеу бойынша келісім алу, қол қойдыру	Мектеп психологтары	
2	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін жүзеге асыру үшін материалдарды іріктеу	Ұйымдастыру – әдістемелік жұмыс		Жыл бойы	Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.	Мектеп психологтары	Нәтиже
3	Психологтың ақпараттық стендінде Сенім телефондары, мектептің Сенім поштасы туралы ақпаратты хабарлау және орналастыру.	Ұйымдастыру – әдістемелік жұмыс	Моб. топ	Жыл бойы	Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.	Мектеп психологтары	Нәтиже Түскен хаттарға АКТ толтыру. Журналға тіркеу.
4	ППК-қатысу	Ұйымдастыру –		Жыл бойы	Кәсіби деңгейін көтеру,	Мектеп	Нәтиже

	әдістемелік жұмыс			дамыту	психологтары	
5	Педагогтың өз білімін жетілдіру, көтеру	Ұйымдастыру – әдістемелік жұмыс	Жыл бойы	Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.	Мектеп психологтары	Нәтиже

VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер

Психологиялық қызмет жұмысының қорытынды жұмыстары	SWOT-талдау	Психологиялық қызмет	Төқсандық, Жарты жылдық талдау, Жылдық талдау	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
1 Педагогикалық-психологиялық консилиум	(«Қауіпті топ» бойынша моб.топ отырысы қорытындысы) «1 кл, 5 кл, 10кл бейімделу қиындығы» бойынша қорытынды, төқсандық және жоспардан тыс «Қауіпті топ» бойынша моб.топ қорытындысы; Ерекше назар мен оқытуды талап ететін		1- төқсан Төқсан сайын Жоспарлы түрде	Есеп жазу	Мектеп психологтары	Есеп

**2024 – 2025 оқу жылындағы №56 ЖОББМ педагог – психологтарының
жұмысына
жылдық талдау**

Психологиялық қызмет мектеп проблемасы негізінде жүзеге асырылады. Психологиялық қызмет проблемасы: оқушылардың мектепке бейімделуін зерттеп, мінез – құлық ерекшеліктері мен дүниетанымдық көзқарастарын анықтап, түзету және келеңсіз жағдайлардың алдын алу, оқушылардың психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету.

Мақсаты: мектеп оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау, психологиялық көмек көрсету, жоғарғы класс оқушыларының дүниетанымдық көзқарастарын түзету, дарынды оқушылардың бойындағы қабілеттерін нығайту.

Міндеттері:

1. 1, 5, 10 – класс оқушыларының бейімделуін анықтау арқылы қалыптастыру;
2. 9 – класс оқушыларынан мамандық таңдай білуге психологиялық қолдау көрсету;
3. 11 – класс оқушыларына емтиханға дайындығына психологиялық көмек көрсету;
4. Класс жетекшілерге, мұғалімдерге көмек ретінде оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау және ұсыныстар беру;
5. Ата-аналарға балаларын тәрбиелеуде психологиялық көмек көрсету, кеңес беру;
6. 8-10- класс оқушылармен келеңсіз жағдайдың алдын – алуға сауалнама жүргізу;
7. Тәуекел топ оқушыларымен жұмыс.

Биылғы жылы мектебімізде 2264 оқушы білім алуда, 85 класс комплект бар және қазіргі таңда 259 мұғалім жұмыс жасайды.

Мектебімізде психологиялық қызмет негізі келесі бағыттар бойынша жүзеге асты: психодиагностика, кеңес беру, түзету, ағартушылық профилактика, ұйымдастырушылық әлеуметтік-диспечерлік бағыттар.

Әдістемелік бағыт бойынша

Оқу жылының басында жыл бойына қажетті диагностикалық – коррекциялық материалдар әзірленіп, жинақталды. Әдістемелік бағыт бойынша әр тоқсан сайын жүргізілетін диагностикалық әдістеме картотекасы дайындалды.

Диагностикалық бағыты бойынша

Мектеп оқушыларын психологиялық диагностикалау бағыты бойынша, оқу жылының басында 1 класс оқушыларының мектепке дайындығы және бейімделуі зерттеледі. Осы оқу жылында 1 класқа 271 оқушы қабылданды. Оқушылардың мектепке дайындығы мен жаңа ортаны эмоциональды қабылдау деңгейін анықтау мақсатында «Керн-Йрасек» тесті жүргізілді.

2 – 4 кластар арасында «Тұлғааралық және топаралық қатынастарды анықтау диагностикасы» (Социометрия, Дж.Морено) жүргізілді. Зерттеуге барлығы 11 оқушы қатысты.

Оқу жылының басында 5 класс оқушыларының оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканова әдістемесі жүргізілді. 5 кластар бойынша зерттеуге 22 оқушы қатысты. Зерттеу нәтижесінде мектеп оқуға бейімділігі төмен, дезадаптация көрсеткен оқушы анықталмады.

Сонымен қатар 10 класс оқушыларының бейімделуін анықтау мақсатында пәнге қызығушылығын, бейімделуін анықтауға арналған сауалнама алынды және темперамент, өзін-өзі бағалау, пәнге көзқарасын анықтау тесттері алынды.

6 класс оқушыларының темперамент типін анықтау мақсатында Айзенк темперамент тесті алынды.

11 класс оқушыларының кәсіби биімділіктерін анықтау «Голланд әдістемесі» алынып класс жетекшілерімен, оқушыларға тапсырылды.

Зерттеуге барлығы 125 оқушы қатысты. Зерттеу қорытындысы келесідей:

№	Класы	Оқушы саны	Реалистік тип	Интеллектуалдық тип	Әлеуметтік тип	Конвенциялық тип	Тапқыр тип	Әртістік тип
1	11 «А»	22	1 – 5%	4 – 18%	2 - 9%	2 – 9%	7– 32%	6 – 27%
2	11 «Ә»	18	0	6 – 33%	2 – 11%	0	9 – 50%	1 – 6%
3	11 «Б»	19	0	1 – 5%	4 – 21%	2 – 11%	7 – 37%	5 – 26%
4	11 «В»	26	0	4 – 15%	11 – 43	0	6 – 23%	5 – 19%
5	11 «Г»	17	1 – 6%	3 – 18%	2 – 12%	2 – 12%	6 – 35%	3 – 17%

9 класс оқушыларының кәсіби биімділіктерін анықтау «Дифференциалды-диагносткалық сауалнама (Е.А.Климов) алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушыларға мамандық таңдауда кеңестер берілді.

4 класс оқушыларының өтпелі кезеңдегі агрессиялық күйін, бойындағы қобалжу, қорқыныш, қиындықты жеңудегі қабілеттілігін анықтау мақсатында «Кактус» жобалау тесті алынды. Оқушылардың арасында агрессивті күйдегі оқушылар анықталып, оқушылармен жекелей әңгімелесу, түзету жұмыстары жүргізілді.

4 класс оқушыларының біліктілікті зерттеу әдістемесі Э.Ф.Замбацавиче жүргізілді. 4 класс оқушыларының орта буынға көшуге дайындығын анықтау мақсатында танымдық процестері зерттелді. Соның ішінде көру және есту арқылы есте сақтау, зейін және логикалық ойлау зерттелді.

8 – 11 класс оқушыларының бойындағы мазасыздық, агрессия, депрессия белгілерін анықтау мақсатында Спилберг әдістемелері жүргізілді. Зерттеуге 8 – 11 класс оқушылары түгел қатысты. Зерттеу қорытындысында оқушылардың бойынан мазасыздық белгілері анықталған жоқ.

2-3-4 класс оқушыларыменде «Өзін-өзі бағалау», «социометрия» және таным процестері: зейін, есте сақтау түрлері, ойлау қабілетін анықтауға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қорытындысы класс жетекшілеріне тапсырылды. 11 класс оқушыларын ҰБТ-ге дайындығын нығайту, мақсатында түзету жұмыстары, кеңес беру жұмыстары ай сайын жүргізіліп, оқушылардың мамандыққа бейімділігі мен қызығушылығын анықтау мақсатында «Голланд» сауалнамасы алынып, оқушыларға, ата – аналарға таныстырылды. 11 класс ата – аналарынан балаларының ҰБТ-ге дайындығының қаншалықты деңгейде бақылайтындығын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Қорытындысы бойынша ата-аналар жеткілікті деңгейде балаларына көңіл бөліп, қадағалау жұмыстарын жүргізетіндігі анықталды.

Кеңес беру бағыты бойынша

Бейімделу тақырыбы бойынша 1,5,10 класс оқушыларына арнайы топтық, жекелей кеңес беру жұмыстары жыл бойы жүргізілді. ҰБТ-ге баратын 11 класс оқушыларына психологиялық дайындықты нығайту, емтиханға қалай дайындау, бойындағы үрей, мазасыздықты қалай жеңе білу керек, емтихан уақытында өзін қалай ұстау керек және жеке мәселелері бойынша келген оқушыларға кеңестер берілді. Класс жетекшілерінің ұсынылған оқушыларының ата-аналарына, бала бойындағы ерекшеліктер, гипербелсенділік, агрессия, өзін төмен бағалау, дос таба алмау, класқа биімделе алмау т.б. тақырыптары бойынша жекелей кеңестер және арнайы психологиялық қолдауды қажет етіп келген мұғалімдерге кеңестер берілді.

Коррекциялық (түзету) бағыты бойынша

Алынған диагностикалық жұмыстар қорытындысы және арнайы ұсынған оқушыларға топтық, жекелей түзету жұмыстары жыл бойы жүргізілді. Сонымен қатар 1 – 4 класс оқушылары арасында сергіту, жақсы көңіл – күй сыйлау мақсатында тренингтер өткізілді.

5 класс оқушыларының орта буынға бейімделуіне ықпал ету, мұғалімдермен жақсы қарым – қатынас қалыптастыру мақсатында «Із кесуші» психологиялық акциясы жүргізілді.

9 – 10 класс оқушылардың өзара қарым – қатынасын қалыптастыру, ұжымдық топтық қабілетін анықтау, өмірде кездесетін қиындықтарды қабылдауға үйрету, ұжымда жұмыс істей білуге шақыру, жеке ерекшеліктерін анықтау мақсатында психологиялық «Өмірдің бақытты сәттері» атты мотивацияға бағытталған кинотерапия жүргізілді.

5 – 11 класс оқушыларының арасында бір – біріне жағымды көңіл – күй сыйлап, бір – бірімен жақсы қарым – қатынас қалыптастыру мақсатында үлкен психологиялық ойын «Құпия дос» өткізілді.

1 – 4 класс оқушылары арасында психомоториканы дамыту мақсатында тренинг ұйымдастырылды.

9, 11 класс оқушыларының емтихан алдындағы мазасыздықтарын жойып, көңіл – күйлерін көтеру мақсатында тренингтер ұйымдастырылды. 9, 11 класс оқушыларының мемлекеттік емтиханға психологиялық дайындығын нығайту мақсатында түзету тренингтері өткізіліп, топтық, жекелей кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

4 класс оқушыларының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар жүргізілді Т.В.Артемова бойынша.

Профилактикалық бағыт бойынша.

5 класс оқушылары арасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында психологиялық акция «Отбасы – бақыт мекені», 1 – 4 класс оқушылары арасында өмірге жаңа көзқарас қалыптастырып, «Бақыт» ұғымы туралы түсініктерін әрі қарай дамыту мақсатында «Бақыт» психологиялық акциясы ұйымдастырылды.

8 – 11 класс қыздары арасында ерте жүктілік пен жыныстық құлсұқпаушылықтың алдын алу мақсатында №3 қалалық емхананың акушер – гинекологы шақыртылып, қыздармен алдын алу, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 8 – 10 класс оқушылары арасында «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» атты баяндама оқылды.

5 – 10 класс арасында жасөспірімдер арасындағы суицид пен қатерге бейім мінез-құлықтың алдын-алу. «Өмірдің мәні-ұрпағымыздың амандығы» дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Әлеуметтік тұрмысы төмен отбасы балаларымен, тәуекел топ және мектепшілік есепте тұрған оқушылармен диагностикалық, түзету және профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

2 – 11 класс оқушылары арасында буллинг/кибербуллингтің алдын алу (зорлық-зомбылық, достық қарым-қатынас) мақсатында тренинг жүргізіліп, баяндама оқылды.

Әлеуметтік-диспечерлік бағыты бойынша

Әлеуметтік тұрмысы төмен отбасылардың жағдайы, үй – жайымен танысу мақсатында гимназия әлеуметтік педагогі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірігіп оқушылардың үйін аралап, акт жасалды.

Балалармен құқықбұзушылық пен қараусыздықтың алдын алу мақсатында гимназия инспекторымен біріге отырып, класс жетекшілерге, оқушыларға жиналыстар ұйымдастырылды.

Қорытындылай келе, 2024 – 2025 оқу жылындағы психологиялық қызметтің бағыттары бойынша осы оқу жылына жоспарланған барлық жұмыстар атқарылды. Өндірістік кеңесте, директор жанындағы кеңестерде қарастырылған мәселелер бойынша, психологиялық нәтижелер таныстырылып, ұсыныстар берілді. Жалпы алғанда психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмыстар нәтижелі болды.

Педагог- психологтар:

Ж.Сатанова

Г.Дулатова